

**«6D020800- Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Айтбаева Айгерим Есимкановнаның «Қазақстан археологиясы А.Н. Бернштам зерттеулерінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламала рға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен</p>	<p>Айтбаева Айгерим Есимкановнаның «Қазақстан археологиясы А.Н. Бернштам зерттеулерінде» атты диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және «Рухани жаңғыруға» бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың бағытына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында Қазақстан археологиясының қалыптасуы мен дамуына орасан зор үлес қосқан А.Н. Бернштамның адами және ғылыми тұлғасы ашылып, ғылыми-шығармашылық қызметі сарапталады.</p> <p>3) А.Е. Айтбаеваның диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен Ғылым дамуының 8-бағыты «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.</p>

		ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Тарих ғылымының дамуының қазіргі деңгейінде тарихтағы тұлғаның ролі мәселесі – басымдықтағы мәселелердің бірі болуда. Әр кезең өзіне сай мықты тұлғаларды тудыратыны белгілі. Дегенмен, сол тұлғаларды олардың қалыптасу процесін қарастырмай, жеке басын зерттесек, «тұлғаға табыну», «өз-өзіне ескерткіш қою» секілді дүниелерге алып келері сөзсіз. Ресейдің атақты тарихшысы С.М. Соловьевтің пікірінше, атақты тұлғалардың ролі, орны және маңыздылығын зерттеу – тарихи дамуды түсіну мен пайымдауға мүмкіндік береді. Сол себепті де биографикалық зерттеулердің маңызы зор. Дегенмен, отандық ғылымда тұлғатану тарихи ойдың дамуының бағыты ретінде жеткілікті деңгейде дамымаған. Толықтай бас тартылмаса да, жетекші зерттеу нысаны емес, қосымша, бағынышты сипатқа ие болып келді. Бұл әрине саяси режимге де байланысты болды. Тарихи тұлға өз ниеті мен әрекеттерімен сол заманның сұранысын қанағаттандырары сөзсіз. Бір жағынан, тұлғаның өмірі арқылы тарих беттері ашылуы керек болса, екінші жағынан, сол тұлғаның өмірі, қызметі, образы сол тарихпен түсіндірілуі керек. Яғни, тұлғатануда тарихилық принципі қатаң ұсталуы керек. Тарихилық принциптің басты құралы – құжаттар мен деректер. Міне осы деректер диссертацияда А.Н. Бернштам секілді ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығын ашуда ұтымды пайдаланылған. Ресей мен отандық жетекші археологиялық ұйымдардың мұрағаттарында

			<p>жинақталған ғалымның жеке қорларымен жұмыс істеу диссертацияның маңызын арттырған. Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, маңыздылығы ашылған.</p> <p>2.1. Қосады, ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Айтбаева Айгерим Есимкановнаның диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Ғалымның өзінің қаламынан туған шығармалар, сонымен қатар, тарихи мәселелер туралы отандық, ресейлік, қырғыз ғалымдарының шығармаларындағы түрлі көзқарастар мен пікірлерді талдау, алынған тұжырымдамаларды салыстыру, өзіндік көзқарастарын білдіруде өзі жазу принципі сақталған.</p> <p>3.1. жоғары.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертацияның ішкі бірлігі заңды түрде сақталған. Қазақстанда тұлғатану ғылымы әлі де ғылыми негіздеуді, дискурсты дамытуды талап ететін буыны қатпаған тарих ғылым саласы болып табылады. Сол себепті отандық тұлғатану саласына үлес қосатын жүйелі зерттеулер аса қажет. Осы тұрғыдан алғанда диссертацияның тақырыбы өте өзекті. Қазақ археологиясының жарық жұлдыздарының бірі – А.Н. Бернштамның ғылыми мұрасын жүйелі зерттеу, талдау, қай тұрғыдан алғанда да маңызды. А.Е. Айтбаеваның диссертациясында зерттеу барысында алынған нәтижелерінің ішкі бірлігі сақталған. Алынған нәтижелер бір-бірімен өзара байланыста, жүйелі бірлікте қарастырылған.</p> <p>4.1. негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын</p>	<p>Диссертант зерттеу нысанын бір жүйеде игере алған. Диссертациялық жұмыс мазмұны оның тақырыбын</p>

		<p>айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>толығымен ашады. Зерттеу жұмысы кіріспеден, бес тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және төрт қосымшадан тұрады. Барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда байланыса, тақырыптың мақсаты мен міндеттерін ашқан. Әр тарау негізгі мақсатқа қызмет ете, ішкі органикалық сабақтастыққа бағына отырып, әрқайсысы күрделі мәселелерді айқындауға арналған. Ғылыми нәтижелері мен жасалған тұжырымдары, зерттеудің ғылыми мазмұнын айқындауға сәйкестігімен сипатталады.</p> <p>4.2. айқындайды</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына қойылған мәселені шешуге сәйкес келеді. Диссертант археолог ғалым А.Н. Бернштамның Қазақстан археологиясының қалыптасып, дамуына қосқан үлесі, қызметі жайлы қорытынды жасау және оның ғылыми зерттеулерінің қазақ тарихының маңызды мәселелерін анықтаудағы орнын көрсетуді өз алдына мақсат етіп қойған.</p> <p>Осы мақсатқа жету жолында А.Н. Бернштамның өмірі мен қызметіне қатысты бұрын жарияланбаған құжаттар мен деректерді ғылыми айналымға енгізу; А.Н. Бернштамның өмір жолының негізгі кезеңдері мен ғылыми-зерттеу қызметінің даму ерекшеліктерін анықтау; ғалымның ғылыми қызығушылықтарының қалыптасуына әсер еткен факторларды зерттеу; А.Н. Бернштамның 1930-1950 жылдар аралығындағы археологиялық зерттеулерінің негізгі бағыттарын белгілеу; А.Н. Бернштамның қола дәуірі, ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеуі, хронологиялық кезеңдеуі және</p>

			<p>мәдени атрибуциясын анықтауын саралау, ескерткіштерге жүргізілген зерттеулеріне тоқталу; А.Н. Бернштамның қаңлы проблемасы, ортағасырлық ескерткіштерді зерттеуі, олардың баламалануының ғылыми негізділігі мен дәлдігіне тоқталу; түркі-соғды қарым-қатынасы, қалалардың пайда болуы туралы ой-тұжырымдарының маңызын ашу; Ғалымның кәсіби археолог мамандарды дайындаудағы педагогикалық және ұйымдастырушылық қабілеттерін сипаттау; А.Н. Бернштамның ашқан жаңалықтары мен тұжырымдарының қазіргі таңдағы маңыздылығы мен өзектілігін анықтау; А.Н. Бернштамның Қазақстанның археология ғылымына қосқан үлесін сараптау сынды міндеттер қойылған. Диссертациямен танысу барысында әр тарауда, аталған мақсат бойынша жұмыс жүргізіліп, міндеттер іске асқаны байқалды. Зерттеу нысанын бір жүйеде игере алған.</p> <p>4.3. сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен толық байланысқан. Әрбір бөлім мен тармақшаларының қорытындылары үндеседі. Ғалымның шығармалары мен мұрағат құжаттарын жіктеп, тарихнамалық материалдарды да бірнеше топқа бөліп, сараптаған. Жұмысты орындау барысында ізденуші тарапынан мұрағат деректері мен зерттеу еңбектеріндегі А.Н. Бернштамның ой-тұжырымдарын сыни талдаудан өткізу арқылы, өзара сабақтастықты бұзбай пайдалануға ұмтылыс жасалған. Қол жеткен нәтижелердің бір-бірін толықтыра отырып, түйінделу сипаты, өзара құрылымдық сабақтастығы ізденушінің тақырыптан ауытқымай, жүйелі түрде дамытқан ғылыми</p>

		<p>пайымдаулары еңбектің табыстылығына әсер еткен.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелді, бұрыннан белгілі шешімдермен қарастырылып, сыни талдау жасалған. Методологиялық әдіс-тәсілдер сәтті қолданылған. А.Н. Бернштамның ғылыми ортада қолдау таппаған тұжырымдары қарастырылып, бұл мәселелер туралы ғалымның әріптестері, шәкірттері, қазіргі заманғы ғалымдар тұжырымдары қатар қарастырылған. Тіпті бұл ғалымдардың тұжырымдарының өзінің қабылдануы мен терістелуіне тарихнамалық талдау жасауға қадам жасалған.</p> <p>4.5. сыни талдау бар</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Диссертант зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында келесідегідей жаңалықтарға қол жеткізген:</p> <p>– Отандық тарих ғылымында алғаш рет А.Н. Бернштамның өмірбаяны, ғылыми қызметі мен ғылыми мұрасы мұрағат материалдары мен ғалым зерттеулері негізінде толықтай сипатталған. Ғалымның ғылыми қызметі сол кезеңдегі орын алған саяси жағдайлар мен ғылымның дамуымен бірге байланыста қарастырылып, Қазақстан археологиясының қалыптасуында алатын орны бағамдалған. Бұл толыққанды жаңа ғылыми нәтиже болып табылады.</p> <p>– А.Н. Бернштамның жалпы Жетісудің қола дәуірі ескерткіштерін анықтауы, алғашқы қазба жұмыстарын жүргізуі және жергілікті «Солтүстік қырғыз нұсқасын» ерекшеліуіне, қола дәуірі ескерткіштерін хронологиялық, типологиялық жіктеуіне тоқталған. Бұл толық жаңа ғылыми нәтиже болып табылады.</p>

– сақ және үйсін тайпаларының дамуындағы эволюциялық үздіксіздік, сақ-үйсін бірлестігі туралы тұжырымы және бұл тұжырымға басқа археолог ғалымдардың көзқарастары қарастырылған. Бұл толық жаңа ғылыми нәтиже болып табылады.

– А.Н. Бернштамның ғұндардың қоныс аударуының тарихтағы құлиеленушілік құрылыстың жойылып, феодалдық қатынастардың орнауына септігін тигізген прогрессивті ролі идеясын сынаған сыни мақалалар талқыланған. Ғалымның Сталиннің идеяларына қарсы пантюркист деп айыпталуы, ғылыми-педагогикалық қызметіне тигізген теріс әсері сараланған. Ғалымның ғұн тарихына байланысты пікірлері қарастырылып жүргендіктен, жартылай жаңа болып табылады.

– Қаңлы тайпалық бірлесітігінің бес иелігін орналастыруы және қаңлы ескерткіштерін зерттеуіне тоқталған. Бұл мәселе туралы отандық және ресейлік ғалымдар қарастырып жүргендіктен, жартылай жаңа болып табылады.

– Жетісу мен Орта Азияның ортағасырлық қалаларының баламалануы, бұл баламалауды өзге археолог ғалымдардың теріске шығаруы немесе қолдауы қарастырылған. Жартылай жаңа болып табылады.

– ғалым ғылыми қызмет атқарған кезеңдегі археология ғылымының дамуын, сол заман аясында, сол көзқарастар аясында, модернизациялауға тырыспай, адекватты түрде бағалауға тырысқан. Толық жаңа болып табылады.

5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла

Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Себебі, А.Н. Бернштамның ғылыми мұрасы

		<p>ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>алғаш рет күрделі және кешенді зерттеу нысанына айналып отыр. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қағидағтары зерттеу мазмұнымен сәйкес, қолданылған әдіс-тәсілдері тиімді, зерттеу жүйелі түрде жоспарланған.</p> <p>5.2. толығымен жаңа</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленгендіктен, техникалық, технологиялық, басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста зерттеушінің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыда сенімді дәлелдемелерге негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p>	<p>Зерттеу жұмысын жазу барысында ғылыми мәселені қоя білген.</p> <p>1-қағидағ бойынша диссертациялық жұмыста А.Н. Бернштамның балалық шағы, студенттік кезі, қоғамдық және ғылыми қызметі зерделенген. Кеңестік уақыттың жалпы тарихи, мәдени және интеллектуалдық контексті А.Н. Бернштамның ойлау стилін, оның ғылыми көзқарастарын, саяси тұлғасын айқындады және арнайы</p>



		<p>1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>авторлық, жазу стилінің қалыптасуына еткен ықпалы ашып көрсетілген. 7.1. Қағидат дәлелденген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Қағидаттар жаңа. 7.4. Қолданылу деңгейі кең. 7.5. Айтбаева А.Е. А.Н. Бернштамның өмір жолы мен қызметі // Марғұлан оқулары» халықаралық конференция жинағы. – Павлодар 2014. – 523-528 бб</p> <p>2-қағидат бойынша А.Н. Бернштамның Жетісу мен Тянь-Шаньдағы көптеген қола дәуірі ескерткіштеріне жүргізген зерттеулеріне анализ жасалған. 7.1. Қағидат дәлелденген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Қағидаттар жаңа. 7.4. Қолданылу деңгейі кең. 7.5. Айтбаева А.Е. А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Жетісу археологиялық экспедициясының Алматы облысы аумағындағы зерттеулері // Т. ғ.д. М. Елеуовтың мерейтойына арналған «Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларының өзекті мәселелері: өткені, бүгіні, болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы жинағы. – Алматы, 2016. – 212-216 бб.</p> <p>3-қағидат ғалымның ерте темір дәуірін зерттеуіне арналып, сақтар мен үйсіндердің мәдениеті кейінгі қола дәуірінен бастап, жергілікті негізде қалыптасты, сақ және үйсін мәдениетінің бірізділігін, үйсін тайпаларының автохтонды болғандығы туралы идеясы дамытылып, осы</p>
--	--	---	---

идеясының қолдаушылары мен қолдамайтын тараптар пікірлері жүйеленген.

7.1. Қағидат дәлелденген.

7.2. Тривиалды емес.

7.3. Қағидаттар жаңа.

7.4. Қолданылу деңгейі кең.

7.5. Айтбаева А.Е. История и материальная культура усуньских племен в работах А.Н. Бернштама // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – №4. – 2015. – 157-161 бб.

4-қағидат бойынша А.Н. Бернштам тарихи деректердегі қаңлылардың 5 иелігінің үшеуін Қазақстан аумағына орналастыруы бойынша өзге ғалымдардың ой-пікірлері сарапталған. Қазақстан тарихында «қаңлылар мәселесінің» әлі де өзектілігі анықталған.

7.1. Қағидат дәлелденген.

7.2. Тривиалды емес.

7.3. Қағидаттар жаңа.

7.4. Қолданылу деңгейі кең.

7.5. Айтбаева А.Е. А.Н. Бернштам зерттеулеріндегі қаңлы мәселесі // ҚазҰУ Хабаршысы Тарих сериясы. – №2. – 2015. – 28-36 бб.

5-қағидат бойынша А.Н. Бернштам XX ғасырдың 30-жылдарының соңында ғұн тарихын зерттеу нәтижесінде пайымдалған ғұн жаулап алушылығының прогрессивті маңыздылығы туралы негізгі тезисі, катакомбалы-ақымды жерлеу орындары ғұндарға тиесілі деп санаған пікірі өзге ғалымдар тарапынан қайшылық тудыруы және қазіргі уақытта бұл тақырыптардың интерпретациялануы

қарастырылған.

7.1. Қағидат дәлелденген.

7.2. Тривиалды емес.

7.3. Қағидаттар жаңа.

7.4. Қолданылу деңгейі кең.

7.5. Айтбаева А.Е. Вопросы гуннской миграции в работах А.Н. Бернштама // Сборник статей научно-информационного центра «Знание» по материалам XXV международной научно-практической конференции «Развитие науки в XXI веке». – Часть 2. – Харьков, 2017. – С.23-28.

6-қағидаты Іле, Талас, Шу өңірі мен Сырдария бойында ғалым жетекшілігімен жүргізілген археологиялық зерттеулер қалалардың пайда болуын, қала құрылысын, қолөнер өндірісін, қала тұрғындарының өмірі мен тұрмысын зерттеуінің өміршеңдігі, қалалардың пайда болуындағы соғдылық әсер идеясының қолдау таппауы қарастырылған.

7.1. Қағидат дәлелденген.

7.2. Тривиалды емес.

7.3. Қағидаттар жаңа.

7.4. Қолданылу деңгейі кең.

7.5. Айтбаева А.Е. А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Жетісу археологиялық экспедициясының Алматы облысы аумағындағы зерттеулері // Т.ғ.д. М. Елеуовтың мерейтойына арналған «Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларының өзекті мәселелері: Өткені, бүгіні, болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы жинағы. – Алматы, 2016. – 212-216 бб.

7-қағидат А.Н. Бернштамның түркі халықтары – ежелгі түркілер, қазақтар, қырғыздар, ұйғырлардың шығу тегі, этногенезі мәселелері, ру-тайпалар атауының қалыптасуы туралы ойлары жинақталып, талданған. Ғалымның зерттеулерінің нәтижесінде түркі тайпаларының басым бөлігінің этногенезінің негізгі үрдістері Қазақстан аумағында жүргені дәлелденді.

7.1. Қағидат дәлелденген.

7.2. Тривиалды емес.

7.3. Қағидаттар жаңа.

7.4. Қолданылу деңгейі кең.

7.5. Айтбаева А.Е. Көрнекті ғалым А.Н. Бернштамның ғылыми мұрасы // Әуезов оқулары – 9: «Жаңа онжылдықтағы ғылым, білім және мәдениеттің инновациялық даму жолдары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері. 2 том. – Шымкент, 2010. – 32-35 бб.

8-қағидат Қазақстан мен Қырғызстанның – Жетісу, Памир-Алай, Оңтүстік Қазақстан, Тянь-Шань, Памир-Ферғана, Үлкен Шу каналында жүргізген археологиялық экспедицияларының қазба жұмыстары барысында әртүрлі археологиялық мәдениеттерге жататын жүздеген ескерткіштерді анықтауы археология ғылымына қосқан үлкен үлесі, ғылыми және ұйымдастырушылық қабілеті мен жоғары археологиялық мектеп қалыптастыруы қарастырылған.

7.1. Қағидат дәлелденген.

7.2. Тривиалды емес.

			<p>7.3. Қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>7.5. Kang In Uk, Jihon K., Aitbayeva A. Contemporary status of archaeological research on Silk Road in Central Asia and Korea and A.N. Bernshtam's researchers // Поволжская археология. – №2(36). – 2001. – С.8-18.</p> <p>9-қағидат бойынша А.Н. Бернштамның гипотезалары мен тұжырымдамалары бүгінгі күнге дейін өзекті болуы және зерттеушілер ортасында, әсіресе, жаңа, заманауи әдістемелік деңгейде жұмыс істейтін ғалымдар арасында кеңінен қолданылатыны анықталған.</p> <p>7.1. Қағидат дәлелденген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>7.5. Нуржанов А.А., Айтбаева А.Е. Археологические исследования А.Н. Бернштама в Таласской долине // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – №1 (48). – 2016. – С. 254-258.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	<p>Иә, әдістеменің таңдауы нақты жазылған. Жұмыстың әдіснамалық негізін нысанды сол кездегі тарихи даму процесімен бірге қарастыратын тарихилық принципі және субъективті және эмоционалды көзқарастары бар ғалымның ғылыми мұрасына талдау жасау үшін маңызы зор ғылыми объективтілік принциптерін құраған.</p> <p>Ғалымның өмірі мен шығармашылығының тарихын қарастырып қана қоймай, оның тұлғасының қалыптасу жағдайларын көрсетуге мүмкіндік беретін библиографиялық (өмірбаяндық) әдіс оңтайлы</p>

			<p>қолданылған. Қазақстан археологиясы мәселелері бойынша жекелеген отандық археологтардың теориялық ұстанымдарын салыстыру кезінде салыстырмалы-тарихи және тарихи-генетикалық әдістер, А.Н. Бернштамның ғылыми-зерттеу қызметі мен ғылыми көзқарастарының қалыптасуы мен дамуы үрдісін анықтауда тарихи-генетикалық әдіс пайдаланылған.</p> <p>8.1. ия.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысы жеке тұлғаның өмірі мен ғылыми қызметіне арналғандықтан, тақырыптың спецификалық ерекшелігіне сай компьютерлік технологиялар қолданылмаған.</p> <p>8.2. жоқ.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Иә, теориялық тұжырымдар зерттеулермен дәлелденген және расталған. Ғалымның туындыларының түпнұсқасы мен жарық көрген нұсқалары салыстыра қарастырылған. Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған.</p> <p>8.2. ия.</p>

		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық, методологиялық негізі дұрыс. Зерттеу жұмысында көрсетілген маңызды мәліметтер сенімді және нақты. Ғылыми әдебиеттерге сілтеме расталған. Ізденуші диссертациялық жұмыстың теориялық-методологиялық негіздерін қалыптастыруда тақырып бойынша фундаменталды еңбектерді қарастырған. Диссертациялық еңбек жеке тұлғаның ғылыми мұрасына арналғандықтан, мұрағат қорларымен кеңінен әрі тиянақты жұмыс жасалған. Сондай-ақ, диссертациялық жұмыстар, арнайы тақырыптық зерттеулер, ТМД елдерінің ғалымдарының зерттеулері секілді көптеген сенімді деректер мен тиісті ғылыми әдебиеттер қарастырылған.</p> <p>8.4. расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті / жеткіліксіз</p>	<p>Тақырыпқа сәйкес пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті әрі нақты. Тақырыпқа сай мұрағат материалдары, диссертациялық жұмыстар, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми мақалалар тізімі ұсынылған.</p> <p>8.5. жеткілікті.</p>
(	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Иә, диссертацияның теориялық маңыздылығы бар. Зерттеудің ұсынып отырған нәтижелері отандық тарих, археология, этнология ғылымдарының дамуына өз үлесін қосады. Диссертациялық зерттеудің барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдары мен принциптері келешекте басқа да зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады.</p> <p>9.1. ия.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған</p>	<p>Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі</p>

		<p>нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>жоғары. Жұмыс тұжырымдарын еліміздің жоғарғы оқу орындарында «Қазақстан археология ғылымының дамуы», «Орта ғасыр археологиясы», «Қазақстан археологиясының өзекті мәселелері» сынды курстарда кеңінен пайдалануға болады. Сондай-ақ, Ғылыми-зерттеу жұмысы тақырыбы ретінде жоспарда көрсетілген әр тарауды жеке-жеке зерттеу нысаны ретінде алып қарастырған ғалымдар еңбектерінде де қолданыс табарына сеніміміз мол. Сонымен қатар, болашақта тұлға тарихын зерттеуге талаптанған жас мамандар өз жұмыстарында пайдалануына мүмкіндік бар.</p> <p>9.2. ия.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі отандық тарих ғылымында А.Н. Бернштам мұрасы ғылыми зерттеу нысанына алынбаған. Дегенмен, біздің ойымызша бұл еңбек тек алғашқы бастама болып табылады. Болашақта, ғалымның ғылыми мұралары жан-жақты қарастырылып, жеке-жеке тақырып ретінде зерттелуі қажет.</p> <p>9.3. толығымен жаңа.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде, академиялық еңбектің стильдік талаптарына сай, техникалық рәсімдеу нормаларын сақтай отырып, жазылған еңбек болып табылады.</p> <p>10. Жоғары</p>

Диссертациялық жұмыс құрылымы талаптар бойынша оңтайлы жүйеленген. Бөлімдер мен тараулар ұтымды пропорция бойынша жіктелген. Кіріспе мен қорытынды бөлім мазмұны, көлемі тұрғысынан негізді әрі дәйектілікпен жазылған. Әдебиеттердің пайдаланылуы, ғылыми мақалалар мен диссертациялық зерттеу қорытындылары сауатты, орынды, орнықты және нанымды келтірілген.



Дегенмен, диссертацияда кейбір кемшіліктер орын алған деп санаймыз, осы реттегі ұсыныстарымыз төменгідей:

1. Екінші тараудың 1-ші параграфында Жетісудың қола дәуірінің зерттелуіне талдамгерлік әдіс жеткіліксіздеу болып көрінді. Бұл жұмыстың көлемдік шегінен шығып кетпеу сақтығынан туындаған болар деген ой туды.
- 2 Жұмыста кейбір стилдік және грамматикалық ағаттықтар орын алған.

Алайда аталған кемшіліктер А.Е. Айтбаеваның зерттеу жұмысының құндылығын, мазмұнын, ғылыми нәтижелерін теріске шығармайды, жұмыстың ғылыми мәртебесі мен сапасын төмендетпейді.

Айтбаева Айгерим Есимкановнаның «Қазақстан археологиясы А.Н. Бернштам зерттеулерінде» тақырыбында дайындаған диссертациясы ҚР Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларының» 2-тарауында көрсетілген диссертациялық талаптарға толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтан, «6D020800-Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

**Ресми рецензент:**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ түрік университетінің профессоры,  
Археология ҒЗИ-ның бас ғылыми қызметкері, т.ғ.д.

